

XFTAP 15.21.51

Г.М. Карибаева, Г.Ә. Токтарбай

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қазақстан*

(E-mail: karibaeva_gm@enu.kz, toktarbay1993@bk.ru)

Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессиялық мінез-құлықтың пайда болуының психологиялық ерекшеліктері

Андатпа. Аталмыш мақала агрессивті мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Агрессивтілік мәселесі бойынша әдебиеттерге талдау жұмыстары жүргізілді. Соңғы жылдары балалар агрессивтілігінің мәселесі туралы көп айтылады. Қоғамда агрессивтік мінез-құлықтың, беталыстардың өсуі байқалуда. Балалардың бойындағы агрессивті әрекеттер ерте балалық шақтан бастап көріне бастайды. Ауыр материалдық жағдай, жұмыстағы тұрақсыздық, отбасы мәселелері, сондай-ақ, экраннан агрессивті іс-әрекетті жиілеп насихаттау және т.б. сияқты көп себептер бойынша ересектердің бойында жоғары агрессивтілікті бақылауға болады, ол агрессивтік балаларға да әсер етпей қоймайды. Осы мәселеге байланысты балабақшаның орта және ересек топтарда агрессивті мінез-құлықты анықтауға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысында балабақшада ересек және орта топ балаларына «Дүниеде жоқ жануар» әдістемесі және «Ертегі» тестісі пайдаланылды.

Түйін сөздер: агрессивті мінез-құлық, балабақша, шабуыл, қарым-қатынас, қажеттілік, сана.

DOI: [https:// doi org/ 10.32523/2616-6895-2019-128-3-148-154](https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-128-3-148-154)

Агрессивті мінез-құлық мектепке дейінгі жастағы балалардың арасында жиі кездесетін құбылыс. Балалар агрессиясының кез-келген көрінісі мен агрессивтілікке бейімділігі баланың жақын қоршаған ортасына ғана әсер етпейді, сонымен қатар жалпы қоғам үшін де маңызы бар мәселе болып табылады. Мұндай мінез-құлық 10 жасқа дейін қалыптасатындықтан мектепке дейінгі жастағы агрессивтілікті зерттеу, агрессивті мінез-құлықты түзету және оның алдын алу қажет. Осы орайда аталмыш бағытта жұмыс істейтін әр түрлі құзыретті мамандар оны жоюға уақытында күш салуы тиіс [1, 512 б].

Балалардың агрессивті мінез-құлық ата-аналар мен қоршаған ортаға жұдырықпен соққы жасайды, сондай-ақ бала жануарларды жәбірлейді, ыдыс-аяқтарды, жиһазды сындырады, ағалары мен апа-сіңлілерінің кітаптарын жыртады, тістейді, құрдастарына, достарына тастар және т.б. заттар лақтырып, зияның тигізеді.

Агрессия мәселесін шетелдік психологтар С. Бендера, А. Басс, Э. Фромм, А. Дарки, Ю.Б. Можгтнский, К. Лоренц, Дж. Доллард, Н.Е. Миллер, Л. Берковец және т.б. жұмыстарында көп қарастырған, алайда бұл саладағы отандық зерттеулер өте аз. В.И. Замкова, Г. Доронин, Р.У. Жолдасова, А. Маханбетова, П.Ж. Жұмабаев, Л.К. Көмекбаев осы салада зерттеулер жүргізген.

«Агрессия» түсінігін әртүрлі мінез-құлықтың түрлері мен формаларын белгілеу үшін қолданады және әр автор бұл түсінікті өзінше түсіндіреді.

Э. Фроммның анықтамасы бойынша, жойқын, негативті және теріс агрессиядан басқа, агрессия оң функцияны да орындайды және тіпті қатерсіз болып табылады. Агрессивті балаға жаңа жағдайларға, ұжымдарға бейімделіп, назар аударту оңай болуы мүмкін. Агрессивтілік тірі реакция болып табылады. Агрессивті бала әрқашан базалық қажеттіліктерге ие болады [2, 129 б].

Психолог К. Лоренц агрессия туа біткен өмір сүру үшін күрес инстинктінен бастау алады деп санайды. К. Бютнер болса, агрессия деп «серіктесін қорлайтын, жаралайтын және тіпті оны жоюға бағытталған» мінез-құлық актісі деп түсіндіреді.

Ал, Е.П. Ильин болса агрессияны былай сипаттайды: «бұл қорлауға немесе басқа тірі затқа зиян келтіруге бағытталған, осындай қарым-қатынасты бұзатын, тіпті оны қабылдамайтын мінез-құлықтың кез келген түрі». Сонымен қатар, «белгісіз және даулы жағдай туындаған кезде агрессивті әрекет етуге бейімділігін көрсететін жеке тұлғаның қасиеті» деп сипаттама береді [3, 160б].

Агрессивті балалармен педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың аталған проблемасы А.Г. Асмолов атап өткендей, тек жалпы проблеманың бір тарабының жеке мысалы - құқық бұзушылық, қатыгездік фактісінен кейін жүзеге асырылатын педагогикалық әсерлердің реактивті сипаты болып табылады.

Қ. Жарықбаев және О.Саңғылбавтың психологиялық сөздігінде агрессия (лат. aggressio-қаз. шабуыл жасау) – әлеуметтегі адамдардың арақатынас тәртібінің талаптарына қарама-қайшылықты себептенген деструктивтік қылық деп берілген [4, 15 б].

Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуы - көптеген факторлар әсер ететін күрделі және көп қырлы процесс. Агрессивтіліктің қандай да бір түрлері балалардың көпшілігіне тән. Алайда, белгілі бір санаттағы балаларда агрессивті мінез-құлық тұрақты түрде сақталып қана қоймай, сонымен қатар жеке тұлғаның тұрақты қасиетіне айнала отырып дамиды. Нәтижесінде баланың өнімді әлеуеті төмендейді, толыққанды қарым-қатынас мүмкіндіктері тарылады, оның жеке дамуы деформацияланады. Агрессивті бала қоршаған ортаға ғана емес, өзіне де көптеген проблема туындауына себебін тигізеді.

Мектепке дейінгі жас ерте балалық шақта қалыптасқан алғышарттар негізінде психиканың қарқынды қалыптасу кезеңі болып табылады. Психикалық дамудың барлық желілері бойынша жаңа қасиеттерімен және құрылымдық ерекшеліктерімен сипатталатын әр түрлі дәрежедегі қасиеттер пайда болады. Олар көптеген факторларға: сөйлеу, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау, танымның әртүрлі формаларына және қызметтің түрлеріне (ойын, өнімді, тұрмыстық) қосылудың арқасында болады. Жаңа түзілімдермен қатар, жеке ұйым негізінде психофизиологиялық функциялардың дамуында жеке тұлға және оның құрылымдық элементтері (сипаты, мүдделері және т. б.), қарым-қатынас, таным және қызмет субъектілері және олардың негізгі компоненттері-қабілеттері мен бейімділігі сияқты психиканың күрделі әлеуметтік нысандары пайда болады.

Балалардың бойындағы агрессивті әрекеттер ерте балалық шақтан бастап көріне бастайды. Агрессивті мінез-құлықтың сипаты көбінесе жас ерекшеліктерімен анықталады. Әрбір жас кезеңі дамудың ерекше жағдайына ие және жеке тұлғаға белгілі бір талаптар қояды. Жас талабына бейімделу жиі агрессивті мінез-құлықтың әртүрлі көріністерімен жүреді [5, 112 б]. Өмірдің алғашқы жылдарында агрессивті мінез-құлық жиі ересектердің басқаруына келмейтін тек қырсықтықтың импульсивті ұстамаларында көрінеді. Бұл көбінесе ашу немсе ыза, айқай және төбелеспен көрсетіледі. 2-3 жастағы балалар балабақшаларға барады, онда М.Д. Лисинаның, В.С. Мухинаның, Л.Д. Кошелеваның айтуынша, құрдастарымен өзара іс-қимыл жасау тәжірибесі басқаға бағытталған іс-қимылдарды ұзақ немесе аз ұстау және өрістету процесі ретінде қалыптасады [6, 12 б]. Бұл кезеңде балалар арасындағы жанжалдар көбінесе ойыншыққа таласу жағдайында туындайды. Балалар психологтарының ескертуінше, көбінесе агрессивті мінез-құлық балаларда бірінші дағдарыстық кезеңде (3 жаста) байқалады. Бірінші дағдарыстан басқа, балалардың агрессивті мінез-құлық одан да үлкен жаста (ересек мектепке дейінгі және мектеп жасындағы) көрінеді. Оның себебі, оған қасындағы ең жақын адамдардың мінез-құлығының үлгісі әсер етеді [7, 104 б].

Мектепке дейінгі жастағы баланың балабақшаға келуі оның әлеуметтік дамуындағы барлық жағдайды өзгертеді. Балабақшадағы топ – балалардың бірінші ұйымдастырылған

тобы, сюжеттік-рөлдік ойындары негізінде туындайтын бірінші балалар қоғамы. Олар мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіру процесінде бірқатар функцияларды орындайды, соның ішінде, құрбыларға қатысты баланың тәртібін реттейді, оны әлеуметтік-қолайлы тәсілдермен жанжалдарды шешуге үйретенеді.

А.А. Рояқтың ойынша мектепке дейінгі жастағы балалардың құрбыларымен жанжалды қарым-қатынасын терең зерттеуі агрессивтілікті, сондай-ақ, ашушандықты қалыптастыруда үлкен рөл атқарады және жеке тұлғаның басқа да жағымсыз қасиеттері ойын кезінде мектепке дейінгі жастағы балалардың өмірінде болатын табыссыздық орын алады. Мектепке дейінгі жастағы балалармен араласуда жанжалға әкелетін себептердің екі негізгі тобын атап айтуға болады: 1) балада қызметтің орындаушы жағының жеткіліксіз дамуы (ойын қабілеті мен дағдылары), сондай-ақ, баланың құрбыларымен бірге ойын қарым-қатынасын құра алмауы (ойыншық бермеу, рөл, досына көмектесу), сондай-ақ, араласудың оң тәсілдерін игермеу, яғни, операциялық қиындықтар; 2) қызметтің негізгі жақтарын өзгерту, соның ішінде, эгоистік уәждердің басым болуы, араласу уәждерін кез-келген басқа уәждермен және мақсаттармен итеру, құрбыларымен араласуда уәждердің қалыптаспауы [8,41 б].

Агрессия – бұл базистік психологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырмау реакциясы махаббат, құрмет, қабылдау және басқа адамға деген қажеттік. Агрессивті мінез-құлықты бала жиі өзін шеттетілген, ешкімге қажет емес сезінеді. Ата-аналардың қатыгездігі мен немқұрайлығы балалар мен ата-ана қарым-қатынасының бұзылуына алып келеді және балаға өзін ешкімге ұнамайды деген сенім ұялатады. Сондықтан біздің зерттеуде М.З Друкаревич ұсынған «Дүниеде жоқ жануар» тұлғаны жобалық зерттеу әдістемесі алынды. Әдістеме тұлғаның жеке ерекшеліктерін, кейде оның шығармашылық потенциалын анықтауға бағытталған. Бұл ең танымал сурет салу әдістемелерінің бірі. Ол балалар мен ересектерді, науқастар мен дені сау балаларды тексеру кезінде көбінесе бағдарлы әдістеме ретінде, яғни жеке тұлғаның ерекшеліктері туралы кейбір гипотезаларды ұсынуға мүмкіндік беретін отандық психологтармен кеңінен қолданылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалармен диагностика жұмыстары жеке жүргізілді. Сыналатын балаға әлемде жоқ жануарды ойлап, салу, сондай-ақ оған бұрын болмаған атау беру ұсынылады. Зерттеу процедурасы стандартталмағандықтан (сурет салуға арналған қағаздың әр түрлі өлшемдері қолданылады, бір жағдайда сурет түрлі-түсті қарындашпен, басқаларында-бір түсті қарындашпен салынды және т.б.), суретті бағалаудың жалпы қабылданған жүйесі жоқ.

«Дүниеде жоқ жануар» әдістемесінің нәтижелері агрессивтілік симптом кешендерінің кестесінде (И. А. Фурманов бойынша) тіркелді, симптомдарын бағалай отырып балалар қойылды.

Бұл әдістемеде нәтижелерді талдау кезінде маңызды көрсеткіш сызықтар болды, себебі әдістеме психомоторлық байланыс теориясында құрылған. Психиканың жағдайын тіркеу үшін моториканы зерттеу қолданылады. И.М. Сеченов бойынша, психикада пайда болатын кез келген көрініс, осы көрініспен байланысты кез-келген үрдіс қозғалыспен аяқталады.

Егер қандай да бір себеппен нақты бір қозғалыс жүзеге асырылмаса, онда бұлшықеттердің тиісті топтарында жауап қозғалысын жүзеге асыру үшін қажетті энергияның белгілі бір кернеуі (ұсынысқа, ойға) қосылады.

Диагностиканы өткізу үшін әр түрлі көлемдегі қағаз парақтары, қарапайым қарындаш берілді. Тест әр баламен жеке жүргізілді және тапсырманы орындау кезінде баланың көңіл бөлуіне, эмоциялық жағдайына назар аударылды.

Балалардың эмоциялық құбылыстарының толық суретін алу үшін Луиза Дюссстың «Ертегі» тесті қолданылды. Бұл тест балаларды «кейіпкер» арқылы зерттеуге ыңғайлы,

онымен бала өзін сәйкестендіреді және оған таңдау жасауға тура келеді. Бала эмоциялық жағдайына байланысты ертегіде жазылған жағдайға, тыныш немесе керісінше, алаңдайды. Барлық ертегілер сұрақ фразасымен аяқталады, оған бала жауап беру керек.

Бала тестті ойын деп сезінуі керек. Бұл үшін ыңғайлы сәтті таңдап, оны ертегі туралы айтуды сұрау үшін оны жігерлендіруге тырысу керек.

Бала әңгімелер мен ертегілерді тыңдай отырып, қайталай немесе ойлай отырып, сезімге ерік береді, табиғи агрессивтіліктің лайықты дозасын сыртқа шығарады. Кейбір әңгімелер оның қорқынышын тудырады, бірақ бұл қуаныш пен қозғалысқа араласқан қорқыныш.


Тест нәтижелерін талдау кезінде оң да, теріс да нәтижелер алынды және оларды баланың жеке басының дамуын тікелей бақылау процесінде қолдану үшін бағдар ретінде пайдаланды.

Тест мағынасы әртүрлі он ертегіден тұрады. Барлық нәтижелер кестеге енгізілді, онда қате мінез-құлық және интерпретация анықталды.


Ересек топ балаларының суреттерін талдай отырып, ерекше шығармашылық көзқарас, қызығушылық, мұқият сурет салу байқалды. Орта топтағы балалар тез сурет салды, сурет салуда мұқияттылық, шығармашылық байқалмады, тек кейбір балалар суретті ынтамен салды.

Келесі талдау балаларға сауалнама түрінде жүргізілді. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, өздерінің салған жануарлары туралы айтып, өзінің жеке ерекшеліктерін, шығармашылық әлеуетін көрсете отырып айтты.

Екі талдауға сәйкес, жоғары топтағы балаларда агрессивтіліктің өте жоғары деңгейі 25%, жоғары 20%, орташа 40%, төмен 15% құрайды. Орта топтағы балалар агрессивті емес, өйткені балалардың тек 10%-да ғана өте жоғары агрессивтілік, балалардың 10%-да жоғары, балалардың 40%-да орташа, балалардың 40%-да төмен.



Балалардың эмоционалдық-тұлғалық ерекшеліктері мен мәселелерін анықтауға мүмкіндік беретін Луиза Дюсс «Ертегі» жобалық тестінің нәтижелерін қарастырайық. Зерттеу барысында жоғары топтың балалары орта топтың балаларына қарағанда агрессивті екендігі анықталды. өте жоғары деңгейі 30%, жоғары 15%, орташа 35%, төмен 20% құрайды. Тесттің нәтижелері бойынша орта топтағы балалардың агрессивтілігі 15%-да ғана өте жоғары агрессивтілік, балалардың 25%-да жоғары, балалардың 25%-да орташа, балалардың 35%-да төмен.



Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балаларда құрдастарымен қарым-қатынас қажеттілігі, балалар ұжымында қажеттілік ерекше байқалады. Балалардың өзара қарым-қатынасы, олардың сипаты, бағыттылығы баланың эмоционалдық саласын қалыптастырады, дамытады және түзетеді. Эмоциялардың ерекшеліктері балалардың өзара қарым-қатынасына әсер етеді, олардың қарым-қатынасын реттейді. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда өз міндеттерін қаншалықты жақсы орындағанына, басқа адамдар үшін жасаған іс-қимылдарының қандай маңызы бар екендігіне байланысты неғұрлым күрделі сезімдер пайда болады. Сондықтан құрдастары тобындағы қанағаттанғысыз жағдай балалардың өте өткір және жиі тиімсіз реакциялардың себебі болып табылады.

Құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігінің қанағаттанбауы жоғары алаңдаушылыққа, агрессивтілікке, өзіне сенімсіздік сезіміне, мектепке дейінгі балаларда теріс эмоциялардың орнығуына әкеледі.

Зерттеу барысында мектепке дейінгі ересек балалардың қарым-қатынасындағы негізгі мәселе еркіндіктің, мінез-құлқына сыртқы және ішкі бақылаудың қалыптаспауы болып табылатыны анықталды.

Луиза Дюсттің «Ертегі» тестінің эмоциялық-тұлғалық ерекшеліктерінің мәліметтеріне талдау көрсеткендей, кейіпкердің жалғыз әрекетімен байланысты ертегілерді қарау кезінде балалар жиі алаңдаушылық, теріс эмоциялар көрсетті. Балалар бұл жағдайды құрдастары тарапынан бас тарту, өздерін қабылдамау ретінде қабылдайды. Әлбетте, бұл қарым-қатынастың теріс эмоционалдық тәжірибесіне байланысты. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың құрбыларымен қарым-қатынас жасау барысында агрессивті көріністері даулы жағдайларды оң шешу, проблеманың бірлескен шешімін табу. Қиын жағдайдан шыққан кезде мектепке дейінгі балалар ересектердің көмегіне жүгінеді немесе күш қолдануға тырысады.

Шын мәнінде, балабақшада агрессия көрсететін балалар аз емес. Бұл баланың көңілін таппаған тәрбиешілерге емес, дұрыс емес тәрбие беруге емес, нашар тұқым қуалаушылыққа емес, баланың табиғи ниетіне байланысты. Ол құрдастарымен қарым-қатынаста әртүрлі мінез-құлықты тәсілдерін байқап, қалағанын алу үшін реакциясына қарайды. Егер осы сәтте қасында құзыретті ересек болса, ол баланың мінез-құлқын оңай түзете алады. Баламен әңгімелесіп, жағдайды кез-келген уақытта (жанжалдың басталу уақыты болсын, ең қызған шағы болсын немесе болған жағдайдан кейін) талқылауға болады. Егер бала өзі еркіне берілген болса, онда ол жақын арада өзі қорытынды жасай бастайды. Ол қалағанына жету үшін түрлі мінез-құлықтың әр түрін байқап көреді және ол еңқысқа жолмен әрекет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Осипова А.А. Общая психокоррекция. - М.: ТЦ «Сфера», 2002. -512 б.
- 2.Ермолаева М.В. Психологические рекомендации и методы развивающей и коррекционной работы с дошкольниками. // М.: Издательство «Институт практической психологии» // Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 1998. -129 б.
- 3.Берковиц, Л. Агрессия. Причины, последствия, контроль - М.:Владос, 2001. - 48 б.
- 4.Жарықбаев Қ., О.Саңғылбаев. Энциклопедиялық сөздік.«Қазақ энциклопедиясы». - Алматы, 2011. -160 б.
5. Завражин С.А. Агрессивные фантазии в детском и подростковом возрасте // Вопросы психологии. - 1993. Выпуск 5. - 43 б.
- 6.Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. - М.: Академия, 1999. -126.
7. Смирнова Е.О., Хузеева Г.Р. Психологические особенности и варианты детской агрессивности // Вопросы психологии. - 2002. Выпуск 1. -17 б.
- 8.Психология человеческой агрессивности: Хрестоматия / Сост. К.В. Сельченко. - Минск: Харвест, 1999. - 41 б.

Г.М. Карибаева, Г.А. Токтарбай

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

**Психологические особенности возникновения агрессивного поведения
у детей дошкольного возраста**

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию психологических особенностей агрессивного поведения. Проведены работы по анализу литературы о проблемах агрессивности. В последние годы много говорится о проблеме детской агрессивности. В обществе наблюдается рост тенденций агрессивного поведения. Агрессивные действия у детей начинают проявляться с ранних лет. Такие причины, как тяжелое материальное положение, нестабильность в работе, семейные проблемы, частая пропаганда агрессивных действий с экрана и др. вызывают повышенную агрессивность у взрослых, которая не может не оказывать влияния на детей. В связи с этой проблемой была проведена исследовательская работа в средних и старших группах детского сада на предмет выявления агрессивного поведения. В ходе исследовательской работы была использована методика «Несуществующее животное» и тест «Сказка».

Ключевые слова: агрессивное поведение, детский сад, атака, общение, потребность, сознание.

G. M. Karibaeva, G. A. Toktarbai

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Psychological characteristics of aggressive behavior in preschool children

Abstract. This article is devoted to study psychological characteristics of aggressive behavior. Publications concerning problems of aggressiveness were analyzed. In recent years, much emphasis has been put on the problems of child aggression. In society, aggressive behavior trends are increased. Children at an early age begin to manifest aggressive actions. It can be observed an increased aggressiveness in adults that cannot but affect children for many reasons, such as a difficult financial situation, instability at work, family problems as well as frequent propaganda of the aggressive actions on screens, etc. In view of this, this research was carried out among children of middle and senior groups of the kindergarten to identify the aggressive behavior. A «Non-existent animals» method and a «Fairy Tale» test were used during the research for children of senior and middle groups of the kindergarten.

Keywords: aggressive behavior, kindergarten, attack, communication, need, consciousness.

References

1. Osipova, A. A. Obsheja Psihokorrekcija [General Psycho-Correction] (SC «Sphere», Moscow, 2002, p. 512 p.).
2. Ermolaeva M. V. Psihologicheskie rekomendacii i metody razvivaiuchi i korrekcionnoi roboty s doshkolnikami [Psychological recommendations and methods of developing and correctional work with preschoolers] (Publishing house of Institute of practical psychology, Moscow, Publishing NGO «MODEK», Voronezh, 1998, p.129).
3. Berkowitz L. Aggressia. Prichiny, posledstvia, control [Aggression. Causes, consequences, control] (Vladost, Moscow, 2001, 48 p.).
4. Zharykbayev K., Sangylbayev O. Enciklopedialyk sozdik [Encyclopaedic dictionary], Kazak jenciklopediasy [Kazakh encyclopedic] (Almaty, 2011, p.160).
5. Zavrazhin S.A. Agressivnye vantazii v detskom i podroskovym vozroste [Aggressive fantasies in childhood and adolescence], Questions of psychology, (5), 43 (1993).
6. Mukhina B.C. Vozrastnaya psihologiya: venomenologija razvitja, detstvo, otrochestvo [Age psychology: phenomenology of development, childhood, adolescence] (Academy, Moscow, 1999, 12 p.).
7. Smirnova E. O., Khuzeeva G. R. Psihologicheskie osobennosti i variant detskoj aggressivnosti [Psychological features and variants of child aggressiveness], Questions of psychology, (1), 17 (2002).
8. Psihologija chelovecheskoj aggressivnosti [Psychology of human aggression] Anthology. Compiled K.V. Sel'chenok (Harvest, Minsk, 1999, 41 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Карибаева Г.М. – п.с.ғ.к., әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының, профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Тоқтарбай Г.Ә. – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының психология мамандығының I курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Karibaeva G. M. – Candidat of Psychological Science, Acting Professor of the department of Social pedagogy and self-knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Toktarbai G. A. – Master degree of I course in Psychology specialty of the department of Social pedagogy and self-knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.